


Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Үй құстары: Күркетауық

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:	
	<ul style="list-style-type: none">• күркетауық пен тауықтың неге атаулары ұқсас екені туралы әңгімелейді;• үш тілде айтады буын, әріп, санын біледі;• күркетауық деп аталуын талдайды, оның бейнесін көз алдына елестетеді;• күркетауық пен тауықтың дене бөлігінің ұқсастығын тауып, оның неге байланысты екендігін түсіндіреді;• күркетауық қанатының неше қабаттан тұратынын санайды, номерлейді, оның неге ұқсайтынын тұжырымдайды;• салыстырады бағалайды.
Пәнаралық байланыс:	
	танымдық (<i>жаратылыстану, математика</i>) шығармашылық (<i>бейнелеу</i>) коммуникациялық (<i>сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер</i>) әлеумет (<i>қоршаған ортамен таныстыру</i>)
Білім алушы игеретін білік-дағды:	
	<ul style="list-style-type: none">- күркетауық пен тауық атауларын ұқсастығын әңгімелейді;- үш тілде қайталаймыз, буын, әріп сандарын салыстырады;- күркетауық деп аталуының себебін топ болып талдаймыз, оның бейнесін елестетеді (рөлдік ойын);- суретті боямастан бұрын күркетауықтың қанатындағы жолақтар санын нақтылайды, неге ұқсайтынын елестетеді;- салыстырады бағалайды.
ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:	
	<ol style="list-style-type: none">1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)
1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)	
	

¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суреттермен жұмыс)



Топпен суреттегі күркетауық туралы әңгімелейді...
(коммуникациялық дағды қалыптасады)

ҮЙ ҚҰСТАР – КҮРКЕТАУЫҚ
(кітапшамен жұмыс)


1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған үй құстар атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды)

3. Күркетауық деп аталуын неліктен екендігін талдаймыз (рөлдік ойын)


4. Топтық тапсырма ұқсастықты табындар. Бұл ұқсастық нені білдіреді?

Өздік жұмыс




5. Күркетауық қанатындағы жолақтарды санап, номерлейміз, бояймыз. Неге ұқсататынын әңгімелейміз.

✓ бірдей
✗ бірдей емес
= ұқсас



6. Салыстыру. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.